

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 89 қаулысымен бекітілген Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа өзгерістерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 30 маусым N 272/1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 16 қазанда тіркелді. Тіркеу N 1654. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 119 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы" Z010218_ Заңының қабылдануына байланысты және "Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы" Z010173_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарының ақшасын жария ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 89 V011466_ қаулысымен бекітілген Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа өзгерістер бекітілсін және Нұсқаулыққа өзгерістер мен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 89 қаулысымен бекітілген Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа өзгерістерді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап екі күндік мерзімде осы қаулыны және Ақшаны жария

етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа өзгерістерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г. Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 30 маусымдағы
N 272/1 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының
"Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының
рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі
банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу
тәртібі туралы нұсқаулыққа өзгерістерді бекіту туралы"
2001 жылғы 9 сәуірдегі N 89 қаулысымен бекітілген
Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының
рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі
банктердің арнайы есепшоттар ашу және
жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа
өзгерістер

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 89 қаулысымен бекітілген Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. 5-тармақтың бірінші бөлігіндегі "жиырма" деген сөз "отыз" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. N 2-1 қосымшадағы "үш күндік" деген сөздер "бес күндік" деген сөздермен ауыстырылсын.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК